528322, Промышленная зона Цзяньгун, город Лелью, округ Шунде, Фошан, Гуандун, Китай

Произведено в Китае.

Импортер: ООО "Континент", Россия, 115419, г.Москва, улица Орджоникидзе, д. 11, строение 3, этаж 4 помещение I комната 13.

Уполномоченный представитель изготовителя в РФ и государствах-членах Таможенного Союза:

ООО «Поларис Инт», 105005, Россия, г.Москва, 2-ая Бауманская ул., д.7, стр.5, ком.26
Телефон единой справочной службы 8-800-700-11-78

ГАРАНТИЙНЫЕ ОБЯЗАТЕЛЬСТВА

Изделие: Ультразвуковой увлажнитель воздуха

Модель: PUN 1010 WIFI IQ Home

Настоящая гарантия действует в течение 36 месяцев с подтвержденной даты приобретения изделия и подразумевает гарантийное обслуживание изделия в соответствии с Законами Государств – членов Таможенного Союза «О защите прав потребителей».

1. Гарантийные обязательства изготовителя распространяются на все модели, выпускаемые под торговой маркой «POLARIS» и приобретенные у уполномоченных изготовителем продавцов, в странах, где предоставляется гарантийное обслуживание (независимо от места покупки).
2. Изделие должно использоваться в строгом соответствии с руководством по эксплуатации и соблюдением правил и требований по безопасности.
3. Настоящая гарантия не распространяется на недостатки, возникшие после передачи товара потребителю вследствие:
 - Химического, механического или иного воздействия, попадания посторонних предметов, жидкостей, насекомых и продуктов их жизнедеятельности внутрь изделия;
 - Неправильной эксплуатации, заключающейся в использовании изделия не по его прямому назначению, а также установки и эксплуатации изделия с нарушением требований Руководства по эксплуатации и правил техники безопасности;
 - Использования изделия в целях, для которых оно не предназначено;
 - Нормальной эксплуатации, а также естественного износа, не влияющие на функциональные свойства: механические повреждения внешней или внутренней поверхности (вмятины, царапины, потертости), естественные изменения цвета металла, в т.ч. появление радужных и темных пятен, а также - коррозии на металле в местах повреждения покрытия и непокрытых участках металла;
 - Износа деталей отделки, ламп, батарей, защитных экранов, накопителей мусора, ремней, щеток и иных деталей с ограниченным сроком использования;
 - Ремонта изделия, произведенного лицами или организациями, не являющимися Авторизованными сервисными центрами*;
 - Повреждений изделия при транспортировке, некорректного его использования, а также в связи с непредусмотренными конструкцией изделия модификациями или самостоятельным ремонтом.
4. Изготовитель не несет гарантийные обязательства, если на изделии отсутствует паспортная идентификационная табличка, либо данные в ней стерты или исправлены.
5. Настоящая гарантия действительна только для изделий, используемых для личных бытовых нужд, и не распространяется на изделия, которые используются для коммерческих, промышленных или профессиональных целей.

Внимание!! Изготовитель не несет ответственности за возможный вред, прямо или косвенно причиненный изделием POLARIS людям, домашним животным, окружающей среде, или ущербу имуществу в случае, если это произошло в результате несоблюдения правил или условий эксплуатации и установки изделия, умышленных или неосторожных действий потребителя или третьих лиц.

По всем вопросам, связанным с техническим обслуживанием, проверкой качества, гарантийным и постгарантийным ремонтом изделий POLARIS обращайтесь в ближайший Авторизованный сервисный центр POLARIS или к продавцу – уполномоченному дилеру POLARIS

Гарантийный ремонт изделий POLARIS осуществляют только Авторизованные сервисные центры POLARIS.

*Адреса Авторизованных сервисных центров на сайте Компании: www.polar.ru

Для подтверждения даты приобретения изделия при гарантийном ремонте или предъявления иных предусмотренных законом требований просим Вас сохранять документы о покупке. Таковыми документами могут являться заполненный гарантийный талон POLARIS, кассовый чек или квитанция Продавца, иные документы, подтверждающие дату и место покупки. При не предоставлении документа, подтверждающего дату приобретения изделия, срок гарантии исчисляется с даты изготовления изделия.

Дата изготовления указана на паспортной идентификационной табличке, находящейся на задней стенке изделия.

УЛЬТРАДЫБЫСТЫҚ АУА ЫЛҒАЛДАҒЫШЫ
POLARIS
Моделі PUN 6060D
ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

POLARIS сауда белгісімен шығатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз. Біздің бұйымдар сапа, функционалдық және дизайнға қойылатын жоғары талаптарға сәйкес жасалған. Біздің фирмадан жаңа бұйым алғаныңызға риза болатыныңызға сенімдіміз.

Құралды пайдаланбас бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз, онда Сіздің қауіпсіздігіңізге қатысты маңызды ақпарат бар, сондай-ақ, құралды дұрыс пайдалану мен күтуге қатысты кеңестер берілген.

Нұсқаулықты кепілдік талонымен, кассалық чекпен бірге, мүмкіндігінше, картон қорапта және орама материалымен бірге сақтаңыз.

Қауіпсіздік жөніндегі жалпы нұсқаулар

- Құрал тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Құралды тек мақсаты бойынша ғана пайдаланады.
- Әр кезде құралды қоспас бұрын оны қарап шығыңыз. Құралдың және желілік сымның ақауы болса, құралды розеткаға қосуға мүлдем болмайды.
- Жұмыс істеп тұрған құралды бақылаусыз қалдырмаңыз! Құралды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.
- Аталмыш құрал құралды қолдануға қатысты қауіпсіздіктері үшін жауап беретін тұлғаның нұсқаулығы жүргізілген немесе қадағалау жүзеге асырылған кездерді есепке алмағанда, білімі мен тәжірибесі жоқ немесе жүйке жүйесінде немесе психикалық, физикалық ауытқулары бар тұлғалардың (балаларды қоса алғанда) қолдануына арналмаған. Балалардың құралмен ойнауына жол бермеу үшін оларды қадағалап отырыңыз.
- **Назар аударыңыз! Құралды ванна, шұңғылша немесе сумен толтырылған басқа сыйымдылықтардың қасында пайдалануға болмайды.**
- Құралды суға немесе басқа сұйықтыққа батыруға мүлдем болмайды.
- Қосымша қорғаныс үшін қорғанысты сөндіру құрылғысын (ҚСҚ) орнату қажет. Кеңесті білікті маманнан сұрап алыңыз.
- Құралды тек қана ауыспалы тоқ көзіне ғана қосыңыз (~). Қоспас бұрын, құралдың желіде қолданылатын кернеуге арналғанына көз жеткізіңіз.
- **Кез келген ақау бола тұра құралды іске қосу Сізді кепілдікті қызмет көрсету құқығынан айырады.**
- Стандартты емес қоректендіру көздерін немесе қосу құрылғыларын пайдалануға болмайды.
- Құралды желіге қоспас бұрын, оның сөніп тұрғанына тұрғанына көз жеткізіңіз.
- Құралды бөлмежайдан тысқары жерде пайдаланбаңыз. Құралды ыстық ауаның, тікелей күн көзіне және ылғалға ұшырамайтындай етіп, сүйір бұрыштарға соғылудан сақталуы керек. (құралды ешқашан суға батырмаңыз).
- Құралды дымқыл қолмен ұстамаңыз. Құрал дымқылданып қалса, бірден желіден ажыратыңыз.
- Пайдаланып болғаннан кейін, тазарту алдында немесе құрал сынып қалса әрдайым желіден ажыратыңыз.
- Құралды желілік сымнан ұстап тасымалдауға болмайды. Сондай-ақ, желілік сымнан ұстап желіден ажыратуға тиым салынады. Құралды желіден ажыратқанда штепсель ашасынан ұстаңыз.
- Құралды сақтау барысында, оның электрмен қоректендіру сымы қауіпсіз тартылған болуы тиіс, оның қысылып не сынып қалмаған екендігіне толық тексеріңіз, себебі, уақыт өте келе бұл сымның үзілуіне әкеп соғуы мүмкін.

- Сымды тек қана білікті мамандар – қызмет көрсету орталығының қызметкері ғана ауыстыра алады. Біліктілігі жоқ тұлға тарапынан жасалған жөндеу қолданушыны қауіп-қатерге ұшыратуы мүмкін.
- Құралды өз бетіңізбен жөндеуге болмайды. Жөндеуді қызмет көрсету орталығының білікті мамандары ғана жүзеге асыруы керек.
- Құралды жөндеу үшін тек қана түпнұсқа қосалқы бөлшектер пайдаланылады.



Назар аударыңыздар!

Кез келген ақау орын алған жағдайда уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз

Осы құралдың қауіпсіздігі жөніндегі арнайы нұсқаулар

- Құрал тек қана тұрмыста пайдалануға арналған.
- Алғаш рет қоса алдында құралды бөлме температурасында 30 минутқа қалдырыңыз.
- Ылғалдағыш жұмысының жағымды шарттары: температура 5-40°C, салыстырмалы ылғалдылығы 80% төмен.
- Тегіс емес, орнықсыз қабатқа қойып, құралды қолдануға тиым салынады.
- Жұмыс кезінде ауа ылғалдағыш жиһаздарды және басқа зат дүниелерді бүлдіріп алмас үшін, олардан біршама қашықтықта тұруы тиіс.
- Құралды тазартқанда немесе бөшкені сумен толтырғанда құралды желіден ажыратыңыз.
- Құралға судың тиюіне жол бермеңіз.
- Бөшкеде су болмаған кезде, құралды сөндіріңіз. Негіздегі қуыста (бу генераторының үстіндегі) су жоқ бола тұра құралды іске қосқыңыз келсе, бұл құралдың сынуына әкеп соғуы мүмкін.
- Құралға су толтыру үшін температурасы 40°C төмен болатын, тек қана таза суық суды қолданыңыз (ең дұрысы дистилденген), суға хош иістендіргіштерді, майларды және тағы басқа заттектерді қосуға тиым салынады.
- Әр пайдаланғаннан кейін құралды тазартып, дезинфекциялаңыз.

Пайдалану саласы

Құрал осы Нұсқаулыққа сәйкес, тек қана тұрмыста қолдануға арналған. Құралды өнеркәсіптік мақсатта пайдалануға болмайды.

Өндіруші осы нұсқауда қарастырылмаған немесе дұрыс пайдаланбаған жағдайдың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.

Құралдың функционалдық тағайындауы бойынша

Ауаның ылғалдылығы адам денсаулығын сақтаудың өмірлік маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ауада қашанда су буы болады, оның қаншалықты мөлшерде екені қоршаған ортаның температурасына байланысты. Температура неғұрлым жоғары болса, ауадағы су буы да соғұрлым жоғары болмақ. Қазіргі кездегі темірбетон және кірпіштен салынған ғимараттарда, әсіресе қыс кезінде, ылғалдылық тым төмен мөлшерде болады, бұл адам денсаулығына теріс әсерін тигізеді.

Салыстырмалы ылғалдылықтың үйлесімді деңгейі


Адамдарға арналған ауа ылғалдылықтың үйлесімді деңгейі:	45%RH - 65%RH
Компьютерлер мен байланыс құралдары орналасқан бөлмежайларға не үй- жайларға арналған ауа ылғалдылықтың үйлесімді деңгейі:	45%RH - 60%RH

Жиназ және музыкалық аспаптары бар бөлмежайларға не үй-жайларға арналған ауа ылғалдылықтың үйлесімді деңгейі:	40%RH - 60%RH
Кітапханалар, көркем галереялар мен мұражайлардағы ауа ылғалдылықтың үйлесімді деңгейі:	40%RH - 60%RH

Ауа тазартқыштың функциясы мен мүмкіншіліктері:

1. Құрылғының суға арналған сыйымдылығында су азайып, судың мөлшері жеткіліксіз болса немесе су таусылып қалған жағдайда ауа ылғалдандырғыш құрылғы автоматты түрде сөнеді. Суға арналған сыйымдылығының көлемі ауа ылғалдандырғыштың ұзақ уақыт бойы жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Егер Сіз құрылғыдағы суға арналған сыйымдылығында судың азайып, біткенін байқамай қалсаңыз, онда ауа ылғалдандырғыш автоматты түрде жұмысын тоқтатып, сөнеді.
2. Ауа ылғалдандырғыш сыртқы гигрометрмен жабдықталған, бұл бөлмежайдағы ауа ылғалдылығының оңтайлы деңгейін автоматты түрде бақылауды жақсартуға мүмкіндік беретін аспап.
3. «Таймер» функциясы. Бұл функция таймерді 12 сағатқа дейін орнатуға мүмкіндік береді.
4. Суды тазартуға арналған керамикалық сүзгісі. Ауа ылғалдандырғыш ауыстырмалы сүзгімен жабдықталған, бұл қоспаларды жоюға, суды дезинфекциялауға және жұмсартуға арналған сүзгісі.
5. Төмен тұтынылатын қуатпен энергияны тұтынудың жоғарғы тиімділігі.

Құралдың сипаттамасы




- 1- Бұдың шығуына арналған диффузоры
- 2- Құрылғының жоғарғы қақпағы
- 3- Құрылғыны тасымалдау үшін арналған тұтқасы
- 4- Суға арналған резервуарындағы судың деңгейін бақылауға арналған терезесі
- 5- Суға арналған резервуары
- 6- Ауыстырмалы сүзгісі
- 7- Суға арналған резервуарының қақпағы
- 8- Қалтқысы
- 9- Сәуле шығарғышы
- 10- Қыздырғыш элементі
- 11- Сыртқы гигрометр
- 12- Құрылғы табанындағы қуысынан қақ пен кірді кетіруге арналған алмалы-салмалы қылшағы

Дисплей мен сенсорлық басқару панелінің схемасы

Басқару панелінің сенсорлық батырмалары:

- 1 – Құрылғыны іске қосу/сөндіру
- 2 – Бұды жіберудің режимін таңдау
- 3 – Құрылғының жұмыс уақытын белгілеу және таймерді қосу/ сөндіру
- 4 – Ауаның ылғалдылық деңгейінің мәнін таңдау



Дисплейдегі белгілері және таңбалары:

- 5 – Таймердің қосылғанын көрсететін таңбасы;
- 6 – Бұды жіберудің таңдалған жылдамдығына байланысты режимнің белгісі (1-ші, 2-ші, 3-ші немесе авто-режимі);
- 7 – Дисплейдің бетінде құрылғының суға арналған сыйымдылығында судың мөлшері жеткіліксіз екенін көрсететін белгісі;
- 8 – Бөлмежайдағы ағымдағы ауаның ылғалдылық деңгейінің мәні;




Жинақталуы

1. Құрал
2. Қашықтан басқару пульті
3. Пайдалану жөніндегі нұсқаулығы
4. Кепілдік талон


Жұмысқа дайындау



- Алғаш рет қосар алдында құралды 30 минуттай бөлмежайда қалдырыңыз.
- Ылғалдағыштың түбінен суға арналған бөшкені алыңыз да сүзгісі бар бөшкені бұрап ашыңыз.
- Тек қана таза суық суды қолданып, (ең дұрысы дистилденген) суға арналған саңылау арқылы бөшкеге су құйыңыз. Бөшкеден судың тамып тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Бөшкенің қақпақты жауып, бөшкені ылғалдағыштың негізіне орнатыңыз. Құрал негізіндегі қуыс сумен толғанша күтіңіз.
- Бу шығатын диффузорды суға арналған бөшкенің үстіндегі қуысқа орнатыңыз.

Құралды пайдалану

- Ауа ылғалдандырғышты электр желіге жалғастырып, іске қосыңыз. Құрылғының электр желілік баусымның штепсельдік айыртетігі ашалы розетканың ішіне толығымен кіріп, тығыздап сұғынып тұрғанына көз жеткізіңіз. Дисплей қосулы екенін көрсететін белгісі, ауа ылғалдандырғыш жұмыс істеп тұрғанын білдіреді.
- Ауа ылғалдандырғышты іске қосу үшін, оның басқару панеліндегі ON/OFF (ІСКЕ ҚОСУ/СӨНД)  сенсорлық батырмасын басыңыз. Құрылғының суға арналған сыйымдылығында оны ішінен жарықтандыратын ішкі көмескі жарық шығаратын жарықтандыру шамы мен құрылғының төмен жағындағы көмескі жарық шығаратын төменгі жарықтандыру шамы жанады. Дисплейдің бетінде ауа ылғалдандырғыш AUTO/АВТО режимінде жұмыс істеп тұрғанын көрсететін «А» белгісі жанады, сонымен қатар, құрылғы автоматтық режимінде жұмыс жасау барысында бу жіберудің жылдамдығының деңгейін (бу түзілудің қарқындылығын) автоматты түрде таңдап, бөлмежайдағы ауа ылғалдылықтың қолайлы жағдайын қамтамасыз ететін оңтайлы ылғалдандыру режимін орнатады. Егер бөлмежайдағы ауа ылғалдылықтың деңгейін білдіретін көрсеткіштері ағымдағы ауа температурасына сәйкес келетін мәндерден төменірек болса (төмен жақта орналасқан кестені қараңыз), ауа ылғалдандырғыш автоматты түрде бу жіберудің режиміндегі ең жоғары жұмыс жылдамдылығында жұмыс істей бастайды. Бөлмежайдағы ауа ылғалдылықтың деңгейі рұқсат етілген есептік көрсеткіштерінің парметрлеріне жеткен кезде, ауа ылғалдандырғыш ұйқы режиміне өтеді. Құрылғы әр 15 минут сайын, бөлмежайдағы қолданылатын ауа температура мен ауа ылғалдылық деңгейлерінің айырмашылығы мен сәйкестігін анықтап, будың жіберілуі жылдамдығына автоматты түрде бақылау жасайды.
- Ауа ылғалдандырғыштың басқару панеліндегі  MAX-MIN (макс/мин) белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңыз, сол сәтте құрылғыдағы АВТО режимі үзіліп тоқтатылады, содан кейін құрылғыда автоматты түрде буды жіберудің әдепкі қалпы бойынша орнатылған 1-ші (содан соң 2-ші және 3-ші) жылдамдығы орнатылады. Осылайша, Сіз бу жіберудің үш түрлі жылдамдықтың ішінен қалаған бір будың жіберілуі жылдамдылығын қолмен таңдай аласыз. Бұл сенсорлық батырмасын кейіннен қайтадан басқан кезде құрылғыда АВТО режимі орнатылады.
- Таймер функциясы, құрылғыны таймер арқылы автоматты түрде сөндіру функциясын орнату: құрылғының автоматты түрде сөнуіне дейінгі қажетті жұмыс уақытысын 1 сағаттан 12 сағатқа дейін, 1сағаттық қадаммен орнатыңыз. Ауа ылғалдандырғыш іске қосылып тұрған кезде TIMER  белгісі бар сенсорлық батырмасын басыңыз; құрылғының LED

дисплейінде TIMER таңбасы жанады, TIMER белгісі бар сенсорлық батырмасын қайта-қайта біртіндеп басу арқылы құрылғының автоматты түрде сөнуіне дейінгі қалаған уақытыңызды 1-ден - 12-ге дейін таңдап, белгілеңіз. Таймер функциясын үзіп тоқтатқыңыз келсе, CO мәнін таңдап басыңыз, ол мән 12 мәнінен кейін келесі мәні болып табылады. Дисплейдегі таймер таңбасына басқан кезде, дисплейдің бетінде таңдалған уақыттық мәні, яғни таймердегі құрылғының автоматты түрде сөнуіне дейін белгіленген уақыттық мәні көрсетіледі. Егер Сіз таймерді 12 сағатқа орнатсаңыз, бір сағаттан кейін дисплейдің бетінде құрылғының автоматты түрде сөнуіне дейін қалған уақыт таймер белгісі арқылы 11 сағат көрсетіледі.

Дисплейдегі мына  белгісі бар сенсорлық батырмасын басқан кезде дисплейдің бетінде құрылғының автоматты түрде сөнуіне дейін белгіленген уақыттық мәні көрініс табады, содан соң, үзілістен кейін, қайтадан негізгі экран көрсетіледі. Таймердегі жанадан енгізілген уақыттық параметрлерін өзгерту қажет болса - таймер сенсорлық батырмасына қайтадан басыңыз да, құрылғының автоматты түрде сөнуіне дейінгі қалаған уақытты белгілеңіз.

- Ылғалдандыру функциясы. Ауа ылғалдандырғыштың басқару панеліндегі HUMIDITY  ылғалдандыру белгісі бар сенсорлық батырмасын басу алдында, дисплейдің бетінде бөлмежайдағы ағымдағы ауа ылғалдылықтың мәні көрсетіледі. Басқару панеліндегі ылғалдандыру белгісі бар сенсорлық батырмасын қолдана отырып, бөлмежайдағы ауа ылғалдылықтың мәнін 5% қадаммен 25% -дан 75% -ға дейін таңдай аласыз. CO мәніне жеткен кезде (75% мәнінен кейін келесі мәні) құрылғы ылғалдылықты орнату режимінен 3 секундтық кідіріспен шығады. Қажетті ылғалдандыру деңгейінің мәнін таңдап, орнатқаннан кейін, бұл ылғалдандыру деңгейінің белгіленген мәні құрылғының жадысында 5 секунд бойы сақталады, содан кейін дисплейдің бетінде бөлмежайдағы ағымдағы ылғалдандыру деңгейінің мәні қайтадан көрініс табады. Құрылғының басқару панеліндегі  ылғалдандыру белгісі бар сенсорлық батырмасын қайтадан басқан кезде, жанадан белгіленген қажетті ылғалдандыру деңгейінің мәні дисплейдің бетінде қайта көрсетіледі. Егер де, бөлмежайдағы ағымдағы ылғалдандыру деңгейінің мәні жанадан белгіленген ылғалдандыру мәнінен жоғары болса, құрылғы «ұйқы» режиміне ауысады. Бірақ, егер де, бөлмежайдағы ағымдағы ылғалдандыру деңгейінің мәні жанадан белгіленген ылғалдандыру мәнінен төмен болса, ауа ылғалдандырғыш жұмыс істей бастайды, яғни құрылғының ылғалдандыру функциясы іске қосылады.
- Егер құрылғының жұмысы барысында, оның суға арналған сыйымдылығында су таусылып қалған болса немесе су азайып, судың мөлшері жеткіліксіз болған кезде, дисплейдің бетінде судың мөлшері жеткіліксіз екенін көрсететін NO WATER индикаторы жанады. Дисплейдің бетінде судың мөлшері жеткіліксіз екендігін көрсететін индикаторы жанған соң, 15 минут уақыт ішінде құрылғының суға арналған резервуарын сумен толтырмасаңыз, онда ауа ылғалдандырғыштың жұмысы автоматты түрде тоқтатылады.
- Құрылғыдағы жұмыс режиміне қарамастан, ауа ылғалдандырғышты басқару операциялары жүргізілмеген кезде, дисплейдің жарықтылығы 15 минут ішінде азайып қалады.
- Ауа ылғалдандырғыштың ON/OFF іске қосу/сөндіру сенсорлық батырмасын басу арқылы құрылғыдағы баптау жүйесіндегі барлық алдын ала қолмен орнатылған мәндер жойылады, бұл іске қосу/сөндіру сенсорлық батырмасын қайтадан басып, құрылғыны іске қосқан соң, ауа ылғалдандырғыш автоматты режимінде жұмыс істей бастайды.

Тазарту және күту

- Тазартар алдында құралды желіден ажыратыңыз.
- Еріткіштерді немесе абразивтерді қолданбаңыз.
- Су құйылатын бөшкені тазарту үшін хлордың сумен әлсіз ерітіндісін қолданыңыз.
- Бөшкені жылы сумен жуып, құрғақ етіп сүртіңіз.
- Бу генераторын және су тетігін қылшақтың көмегімен тазартыңыз.
- Сүзгіні таза суда бірнеше қайтара жуыңыз.

- Құралды салқын, құрғақ жерде сақтаңыз. Құралды қолданбаған кезде оның желіден ажыратылғанына көз жеткізіңіз.

Сүзгіні тазалау:

Керамикалық сүзгінің жұмыс ресурсы – 1000 л. тең, сол себепте бұл сізгідегі керамикалық доңғалақшаларын осы жоғарыда көрсетілген судың мөлшерін тұтынып болған соң ғана тазалауға кеңес беріледі. Бұл керамикалық сүзгінің жұмысын белсендіруге, яғни оның тазарту сапасын жоғарылатуға мүмкіншілік береді. Керамикалық сүзгіні тазарту үшін келесі әрекеттерді орындау қажет:

1. Құрылғыдағы суға арналған резервуарының қақпағын шешіп алыңыз да, содан кейін сізгідегі керамикалық доңғалақшалары бар пластикалық контейнерін ажыратып алу үшін, сыйымдылықтың жоғарғы бөлігін айналдыра бұрап ашыңыз, содан соң оның сізгідегі керамикалық доңғалақшалары бар пластикалық контейнерін ажыратып алыңыз.
2. Керамикалық доңғалақшалары бар контейнерін таза 6% асханалық ақ сірке су құйылған ыдысқа салыңыз да, оны осы күйде 10 минутқа қалдырыңыз.
3. Он минут өткен соң, керамикалық доңғалақшалары бар сүзгіні сірке су құйылған ыдыстан алыңыз да, бірнеше рет сәл сілкіп жіберіңіз, содан кейін сүзгіні таза судың астында жуып, шайып алыңыз да, жақсылап құрғатыңыз.
4. Керамикалық доңғалақшалары бар сүзгімен әрі қарай пайдалана беруге болады.

Ауа дымқылдандырғыш құрылғыны ұзақ уақытқа сақтауға жинамас бұрын, оның керамикалық доңғалақшалары бар сүзгісін жуып тазалаған соң, оны жақсылап құрғатуға ұмытпаңыз, оны тек қана құрғақ күйінде құрылғыға орнатып, сақтауға болады.

***Ескертпе:** Пайдалану мерзімі аяқталғаннан кейін электр құралын әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге лақтырмай, жоятын ресми орынға өткізіңіз. Сөйтіп, Сіз қоршаған ортаны сақтауға көмектесесіз.*

Ақаулар және оларды жою шарттары

Ақаулар	Себебі	Ақауларды жою
Сұйықкристалды дисплейдің шамы жанбай тұр. Бу шықпай жатыр.	Құрал желіге қосылмаған. Желіде кернеуі жоқ.	Құралды желіге қосыңыз. Желідегі кернеуді тексеріңіз.
Сұйықкристалды дисплейдің шамы жанып тұр, бірақ, бу шықпай жатыр.	Бөшкенің қақпағы берік жабылмаған. Бөшкенің ішінде су жоқ.	Бөшкенің қақпағын мықтап жабыңыз. Бөшкеге су құйыңыз.
Сұйықкристалды дисплейдің шамы жанып тұр, бірақ құрал жұмыс істемей тұр.	Бөшкедегі су тым көп мөлшерде.	Артық суды төгіңіз
Құралды қосқан кезде жаман иіс шығады.	Құрал әлі жаңа болғандықтан. Су ластанған немесе көп тұрып қалған.	Бөшкені 12 сағатқа салқын жерге қойып, ашық күйде қалдырыңыз. Бөшкені тазартыңыз, оған таза су құйыңыз.

Шығатын будың көлемі тым аз.	Сәуле шығарғыш ластанған. Су ластанған немесе көп тұрып қалған.	Сәуле шығарғышты тазартыңыз. Бөшкені тазартыңыз, оған таза су құйыңыз.
Әдеттегіден тыс дыбыстар шығады.	Бөшке ылғалдағыштың түбіне орнатылмаған. Бөшкеде су жоқ.	Бөшкені орнатыңыз. Бөшкеге су құйыңыз.
Бу– бу шығатын сопло қақпақтан емес, соның қасынан шығып тұр	Диффузор мен бак сыртқы бетінің арасында саңылау бар	Диффузорды суға біраз уақытқа салыңыз, содан кейін бактағы шұңғылға бекітіңіз.

Назар аударыңыздар! Жоғарыда сипатталған қадамдарды қолданып, ақаулықтарға қатысты мәселерді шеше алмасаңыз, қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Кеңестер:

1. Қайнатылған суық суды немесе дистилденген суды қолданыңыз .
2. Суға арналған бакты, бу генераторын және су тетігін апта сайын тазартып тұрыңыз.
3. Бактағы су әрдайым таза болуы үшін суды жиі ауыстырып тұрыңыз.
4. Құралды сақтауға жинамас бұрын, қашанда ылғалдағышты тазартыңыз. Құралдың барлық бөлшектерінің құрғақтай сүртілгеніне көз жеткізіңіз.

Техникалық деректер

Кернеуі: 220 - 240 В.

Жиілігі ~50 Гц.

Қуаты: 30 Вт.

Су бөшкесінің көлемі: 5,5 литр.

Судың орташа шығыны: 500 мл/с.

Қорғаныс жіктелімі – II

Ескертпе: Өзгерістер мен жетілдіруді енгізудің ұдайы үрдісінің орын алуынан, нұсқаулық пен бұйымның арасында қандай да бір айырмашылық байқалуы мүмкін. Өндіруші, тұтынушының бұған назар аударатынына үлкен үміт артады.

Сертификаттау туралы ақпарат

БҰЛ ӨНІМ Кеден Одағының «Төмен вольтты жабдықтардың қауіпсіздігі туралы» (ТР ТС 004/2011), сондай-ақ, «Техникалық құралдардың электрлі магниттік сәйкестілігі» (ТР ТС 020/2011) техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестігін растау рәсімдерінен өтті және осы техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкестілігі сертификатталды, сонымен бірге Кеден Одағына мүше мемлекеттердің нарығындағы өнім айналымының бірыңғай белгісі ЕурАзЭҚ техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес таңбаланған.

Сәйкестік Сертификатының тіркеу нөмірі/ сәйкестік туралы декларациясы жөнінде, сонымен бірге сертификаттың және декларациясының қолданылу мерзімі туралы мәліметтерді POLARIS бұйымды сатып алған жерде, яғни Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңыздан немесе Өндірушінің Уәкілетті өкілінен алуыңызға болады



Бұйымның есептік жарамдылық мерзімі: 5 жыл
Кепілдік мерзімі: сатып алған күннен бастап 36 жыл

Өндіруші:

POLARIS CORPORATION LIMITED - ПОЛАРИС КОРПОРЕЙШН ЛИМИТЕД
1801 Блогі, 18/F, Джубили Сентр, 46 Глостер Роуд, Ванчай, Гонконг
Unit 1801, 18/F, Jubilee Centre, 46 Gloucester Road, Wanchai, Hong Kong

Ресей Федерация мен Кеден Одағына мүше мемлекеттерде өндірушінің импорттаушысы және уәкілетті өкілі:

"Поларис Инт" ЖШҚ, 105005, Мәскеу қаласы, 2-ші Бауманская көшесі., 7-үй, 5-ші тұрғын үй құрылысы, 26-ші бөлме.

Бірыңғай анықтамалық қызметінің телефон нөмірі: 8-800-700-11-78

КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕР

Бұйым: Ультрадыбыстық ауа ылғалдағышы
Моделі: PUN 6060D

Бұл кепілдік бұйымды сатып алу фактісін растайтын күннен бастап 36 ай бойына әрекетте болады және «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Заңына сәйкес бұйымның кепілдік қызмет көрсетуді білдіреді.

1. Өндірушінің кепілдік міндеттемесі «POLARIS» сауда таңбасымен шығарылатын және уәкілетті сатушылардан сатып алған барлық үлгілерге, кепілдік қызмет көрсетілетін елдердің барлығында жарамды (сатып алған жеріне қарамастан) таралады.
2. Бұйым пайдалану бойынша нұсқаулыққа, қауіпсіздік бойынша ережелер мен талаптарды қатаң сақтай отырып, пайдаланылуы тиіс.
3. Бұл кепілдік тауарды тұтынушыға беруден кейін, келесі жәйттердің нәтижесінде туындаған кемшіліктерге таралмайды, егер де:
 - Химиялық, механикалық немесе өзге де әсер етулер, бөгде заттардың, сұйықтықтың, өнімдердің және құрт-құмырсқа немесе шыбын-шіркей секілді жәндіктердің бұйымның ішіне түсіп кетуі және олардың өмірлік белсенділігінің өнімдері бұйымның ішінде болса, яғни микроорганизмдердің, жәндіктердің тіршілік әрекеті салдарынан нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
 - Бұйымды тікелей мақсаты бойынша емес пайдаланғанда, оны дұрыс пайдаланбағанда, сондай-ақ, бұйымды осы пайдалану жөніндегі Нұсқаулықта берілген техника қауіпсіздігі ережелері мен талаптарын бұза отырып, орнатқанда және пайдаланғанда;
 - Бұйымды қолдануға арналмаған мақсаттарда пайдаланған жағдайда;
 - Құрылғыны қалыпты пайдалану салдарынан пайда болған сыртқы өзгерістер байқалса, сондай-ақ, құрылғының функционалдық қасиетіне әсер тигізбейтін, қалыпты түрде тозған жағдайда: құралдың ішкі және сыртқы қабатының механикалық бүлінуі (металдың ішіне майысу, сызаттың түсуі, сыртқы түс түрінің өзгеруі не тіпті жоғалуы немесе қажалып бүлінуі), металл түсінің қалыпты өзгеруі, сондай-ақ, құрылғының метал бетінде құбылмалы немесе қара дақтардың пайда болуы, сонымен қатар, құрылғының жабыны бүлінген жерлеінде тоттанудың салдарынан металлдың бұзылуы, яғни металдың бетінде тотқа қарсы жабыны жоқ және жабыны бар жерлерінде коррозияның орын алуы салдарынан зақымдалған болса;
 - Жарамдылық мерзімі шектеулі әрлеу бөлшектері және шам, батареялар, қоқыс жинауға арналған сыйымдылықтар, белдіктер, қылшақтар, қорғаныс экрандары тозған жағдайда, сондай-ақ басқа да бұйымдарды, олардың пайдалану мерзімі шектеулі болған жағдайда;

- Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтар болып табылмайтын*, тұлғалар немесе фирмалар өндірген бұйымдардың жөндеуін жүргізген жағдайда;
 - Тасымалдау кезінде бұйымға қандай да зақым келтірілген болса, оны дұрыс емес пайдалану салдарынан туындаған ақау үшін, сондай-ақ бұйымның құрылымында қарастырылмаған модификациялау (яғни құрылғының түрін өзгерту, түрлендіру) әрекетіне байланысты, немесе өздігінен жөндеу жұмысын жүргізудің нәтижесінде туындаған ақау үшін таралмайды;
4. Өндіруші төмендегі жағдайларда кепілді міндеттемелерді көтермейді, егер бұйымның бетінде техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасы жоқ болса, немесе оның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында берілген техникалық деректері жойылған, жойылып кетірген немесе түзетілген болса өндірушінің осы салдардың нәтижесінде туындаған залал үшін жауапты емес.
 5. Бұл кепілдік тек қана жеке тұрмыстық қажеттілік үшін пайдаланылатын бұйымдарға ғана жарамды, және коммерциялық, өнеркәсіптік немесе кәсіби мақсатта қолданылатын бұйымдарға таралмайды.

Назар аударыңыз!! Өндіруші тұтынушының (сатып алушының) немесе үшінші тұлғалардың қасақана немесе ұқыпсыз әрекеттерінің және бұйымды орнату/пайдалану шарттары мен ережелерін сақтамау салдарынан адамдарға, үй жануарларға, қоршаған ортаға немесе мүлікке POLARIS бұйымның зақымдалуынан тікелей немесе жанама себеп болатын кез келген ықтимал зиян келтірілгені үшін жауапкершілік көтермейді.

POLARIS бұйымдарына техникалық қызмет көрсету, сапасын тексеру, кепілдік және кепілдіктен кейінгі жөндеу жұмыстарына қатысты барлық мәселелері бойынша Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталығына немесе Өзіңіздің жергілікті POLARIS ресми сатушыңызға - Уәкілетті POLARIS дилеріне хабарласыңыз.

POLARIS бұйымдарына кепілдік жөндеу жұмыстарын тек Авторизацияланған (уәкілетті) POLARIS сервистік қызмет көрсету орталықтары жүзеге асырады.

* Авторизацияланған (уәкілетті) сервистік қызмет көрсету орталықтардың мекен-жайлары Компания сайтында көре аласыз: www.polar.ru

Бұйымға кепілдік жөндеу жұмыстарын жүргізу немесе заңмен қарастырылған басқа да талаптарды орындау кезінде бұйымды сатып алу күнін растау үшін сатып алу құжаттарыңызды сақтауыңызға өтіне сұраймыз.

Мұндай құжаттары толтырылған POLARIS кепілдік талоны, кассалық чек немесе Сатушының түбіртегі, бұйымды сатып алу күні мен орнын растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін.

Бұйымды сатып алу күнін растайтын құжатты ұсынбаған кезде, кепілдік мерзімі бұйым өндіріліп шығарылған күннен бастап есептеледі.

Бұйымның өңделіп шығарылған күні бұйымның техникалық төлқұжатты сәйкестендіру тақтайшасында көрсетілген, ол бұйымның артқы қабырғасында орналасқан.

